

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Тақырыбы: Қазақстандық және әлемдік педагогикалық-психологиялық ойлар тарихы пәнінің әдіснамасы мен педагогикалық зерттеу әдістері

Орындаған: Педагогика және психология мамандығының 1-курс студенті
Айтжанова Нұрбақыт


Тексерген: Рамазанова С.А.

Алматы-2016 жыл



Жоспар:

1. “Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы” курсы
2. 1971-1991 жылдары педагогика ғылымының әдіснамасының дамуы.
3. Педагогика әдіснамасының ғылыми мәртебесі
4. Қорытынды
5. Пайдаланылған әдебиеттер



“Қазақстандық және әлемдік психологиялық-педагогикалық ойлар тарихы” курсы

“Қазақстандық және әлемдік психологиялық-

педагогикалық ойлар тарихы” курсы әлемдегі педагогикалық ойлардың дамуы, оның практикадағы мәні, Қазақ жерінде тәлімдік ойлардың дамуы жайлы іргелі білім қалыптастыруға арналған. Өткен тарихи дәуірдегі тәлім-тәрбиенің озық тұстарын практикада қолдану, жаңаны меңгеруге, өткен тарихи дәуірдегі жетістіктерді қазіргі заман талаптарына сай пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогиканың тарихын ғылыми-педагогикалық тұрғыда жете меңгерген маман, алған білімін іс жүзінде шығармашылықпен қолдана алатын, ой өрісі кең, жаңа қоғамдық ахуалдарға жылдам бейімделгіш, ауқымды педагогикалық көзқарасқа ие, жоғары сапалы маман бола алады.

Курстың мақсаты: болашақ педагог мамандарды педагогиканың ғылым ретінде дамып, қалыптасу жолымен таныстыра отырып өткендегі озық тәжірибелерді меңгеру, оны бүгінгі күн жағдайларында пайдалана білуге үйрету, теориялық білімін тарихи-педагогикалық ақпарлармен толықтыру.




1971-1991 жылдары педагогика ғылымының әдіснамасының дамуы.

Ғылымдардың кең арнасы ішінде педагогика ғылымы өзіндік ерекшелігімен айқындалады. Себебі педагогика – қазіргі заманның ең көкейкесті мәселесі – адам, оның тәрбиесі, білімі, болашағы жалпы адамзат қоғамының демократиялық, гуманистік бағыт алуын қарастыратын іргелі ғылымдардың бірі.

Бүгінгі күнде қай ғылым саласы болсын өзінің зерттеу нысаны мен субъектісін жаңаша ойлаумен байланыстырады.

Бұл ғылымдардың әдіснамалық негізін білуді және қазіргі дүниежүзілік ғылыми танымның құралдары мен амалдарын жетілдіруді талап етеді.


Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі ретінде демократиялық, құқықты мемлекетті құруға бел байлаған кезеңде ғылымды теориялық жағынан негіздеу қажеттілігі мейлінше арта түседі. Әсіресе қоғамдық ғылымдардың, сонымен қатар педагогика ғылымының әдіснамалық және әлеуметтік мәннен арттыру, жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуы міндеттерін болжап білу мейлінше айқын қойылуы тиіс.



Педагогика ғылымының әдіснамасы:

1. Жалпы әдіснама ғылымынан туындайды;
2. Қоғамдық ғылыми жүйенің даму үрдісін оқып-үйренумен және зерттеумен байланысты болады;
3. Педагогикалық құбылыстардың жағдайлары туралы теориялық ұстанымдар мен оларды зерттеу әдістері қарастырылады;
4. Жаңадан алынған білімдерді тәрбие, оқыту білім беру ісіне енгізумен анықталады.

Соңғы жылдары жалпы ғылымның әдіснамасымен бірге, әсіресе, педагогика ғылымының әдіснамасына көбірек назар аударылып келеді. Себебі тәрбие мен білім беру мәселесін шешу қоғамның сапалық жаңа деңгейге көтерілуінің кепілі болатындығын өркениетті елдер тәжірибесі дәлелдеп отыр.



Педагогикалық метабілім

педагогиканың әдіснамсыя туралы жалпы түсінік, оны анықтауға қажет тұғырлар;

педагогиканың әдіснамсыя туралы жалпы түсінік, оны анықтауға қажет тұғырлар;

педагогиканың әдіснамсыя туралы жалпы түсінік, оны анықтауға қажет тұғырлар;

әдіснамалық бағдарлар жиынтығы, педагогика әдіснамасының даму кезеңдері және үрдістері

Кеңес Одағы тұсында педагогика саласы мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасында жоғары оқу орындары оқытушылары арнайы әдіснамалық даярлықтан өтетін. Оның жоспарында педагогиканың әдіснамасы:

- педагогика ғылымындағы зерттеу әрекетінің бағыттарын, мақсатын және құрылымын, сондай-ақ жаңа білім алудың ұстанымдары мен әдістерін анықтайтын жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесі;
- педагогикалық зерттеу үдерісі және оны қамтамасыз ететін әдістері зерттеу пәні болып табылатын педагогиканың әдіснама аясындағы арнайы пән;
- ғылыми әдістер туралы теориялық ілім;
- әдіс, педагогикалық зерттеудің негізін құратын жалпы ұстанымдар, қағидалар мен әдістер жүйесі;
- жаңа педагогикалық білімге қол жеткізетін тәсілдер туралы білімдер жүйесі;
- қайсыбір теория немесе зерттеу бағдарламасын қабылдайтын немесе жоққа шығаратын ережелер деп оқытылды.



XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында педагогикалық әдіснаманың жеке ғылыми бағыт ретінде дамуының іргелі негіздері салынды. Олар:

- *педагогикалық әдіснаманың нысаны мен пәні* (П.Ф. Каптерев, А.С. Макаренко, Ф.Ф. Королев, М.А. Данилов, В.В. Краевский және басқалар);

- *педагогикалық әдіснаманың мәні мен ерекшелігі, оның қызметтері және философиядан ұстанымдық өзгешелігі, ғылымдардың жалпы әдіснамасындағы орны* (Ф.Ф. Королев, М.А. Данилов, М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, В.Е. Гмурман, В.И. Загвязинский, Г.В. Воробьев және басқалар);


- *педагогикалық зерттеулер әдістері және олардың даму логикасы* (Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский, М.Н. Скаткин, В.С. Шубинский және басқалар);

- *педагогикалық зерттеулер типологиясы және ұйымдастыру логикасы* (В.И. Загвязинский, В.М. Полонский және басқалар);

- *педагогикалық болмыс туралы табиғатынан диалектикалық болып табылатын эмпирикалық және теориялық білімдер жүйесінің дамуы және жаңаруы* (Н.В. Бордовская және басқалар).

- *педагогиканың әдіснамасының даму тарихы кеңестік кезеңде ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде 1960-жылдары қалыптаса бастауы* (С.И. Колташ);

- *педагогикалық зерттеулердің браысы мен нәтижелерінталдауда іргелі және қолданбалы қырларының арақатынасының сипатын анықтау* (В.В. Краевский, Е.В. Бережнова және басқалар).



Педагогика әдіснамасының ғылыми мәртебесі

Қазіргі уақытта ғылыми қауымдастықта педагогика әдіснамасының ғылыми мәртебесі қалыптасты деуге болады. Педагогиканың әдіснамасы ғалымдардың түсіндіруінше:

-теориялық жүйе, педагогиканың ғылыми жүйе ретінде дамуының жаңа әдістерін және эмпирикалық жүйе ретіндегі педагогикалық практиканың нысандарын жобалаудың жаңа әдістерін іздестірумен байланысты әрекет жайлы ғылыми білім; осы әрекетті ұйымдастыру ұстанымдары, мазмұны, құралдары мен нәтижелері туралы білім;

-педагогикалық болмысты ғылыми тану мен қайта құру әдіснамасы педагогика ғылымын және педагогикалық практиканы дамыту әдіснамасы ретінде араласып кетпейді және әртүрлілік ретінде тұтас бірлікте болады.



Қорытынды

Сонымен, қарастырылып отырған кезеңде педагогика әдіснамасы саласындағы жетістіктерге ғалымдар жаңа педагогикалық идеялар іздегенде және жаңа педагогикалық теория жасағанда, педагогика ғылымы мен практикасының байланыстарының жаңа типтерін қарастырғанда, педагогикалық жобалау мен модельдеудің жаңа әдістерін іздестіргенде сүйенеді. Педагогикадағы әдіснамалық дәстүрді талдау 1971-1991жылдары педагогика әдіснамасы белсенді дамыған және шын мәніндегі жүйелі әдіснаманың өрістеуіне кең жол ашты деуге әбден болады.



Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Әлсатов Т. Орта ғасыр ойшылдарының педагогикалық ой-пікірлері. Тараз. 1999.
- 2.Бержанов Қ.,Мусин С. Педагогика тарихы. Алматы, 1984.
- 3.Әлемдік ой –сана. XX ғасыр педагогикалық ой-пікірлер антологиясы (Ресей, Украина, Белоруссия, Балтық жағалауы, Кавказ аймағы, Орта Азия,Европа) (1917-1991 жж.) «Мәдени мұра» 2011.
- 4.Әбиев Ж. Педагогика тарихы. Оқу құралы. Алматы. 2006





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!
СПАСИБО ЗА ВНИМАНИЕ!
THANK YOU FOR YOUR ATTENTION!